Докторант Сейсенқұл Өміржанның «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша филология докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «ҚХР-дағы Абай мұрасының зерттелуі және Абайтану тарихы» атты диссертациялық зерттеу жұмысына берілген отандық кеңесшінің

ПІКІРІ

Қытай халық республикасы мен Қазақстанның арасындағы екі ел достығының айқын куәсіндей болған рухани байланыстың жалғасуы жібек жолы бойында орналасқан екі ел достығының айқын көрінісі іспетті. Бүгінде Қазақстан мен Қытай елі ынтмақтастығының қанат жайып келе жатқанына жарты ғасырдан астам уақыт болыпты. Міне осы жарты ғасырдан бергі кезеңде руханияттық байланыстың желісін жалғап келе жатқан қазақ елінің рухани-мәдени жетістігінің көрсеткіші ретінде аты мен заты, әдеби мұрасы Қытай еліне танылып келе жатқан шығармашылық ұлы есім – Абай Құнанбайұлы.

«Бір белдеу, бір жол» аясында екі елдің рухани сабақтастығының, өзара қарым-қатынасының өрісті дамуы жылдан-жылға жақсара түсуде. Қытай халық республикасының төрағасы Ши Жинпиң 2013-жылы 17-қыркүйекте Қазақстандағы Назарбаев университетінде студенттермен кездескен сәтінде, ҚХР-дағы қазақ жазушысы Әкпәр Мажитұлының Қытай тіліне аударған Абай өлеңіндегі: «Дүние үлкен көл, заман соққан жел, алдыңғы толқын ағалар, артқы толқын інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер» деген жолдарды мысал ретінде келтіріп, жастық көктемін, студенттік дәуірін еске түсіресе, президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі» деп Абай әдеби мұрасының қазақ руханиятындағы өнегілік мәнінің мәңгілік сипатын айқындап берген-ді .

Абай Құнанбайұлының руханияттық мұрасы – Қазақстан халқына немесе ҚХР-дағы қазақ қандастарымызға ғана құнды болып табылмайды, ол жер бетіндегі күллі адамзат баласына түгелдей ортақ, аса бағалы рухани бай қазына. Шығармаларын туған халқының ана тілінде жазған Абайдың тілі – әлемдегі бар қазақтың әрі ана тілі әрі әдеби тілі. сондықтан Абай шығармалары дүние жүзі қазақтарына ең алғашҚытайдағы қазақ жұртына жету арқылы әлемдік өріске кеңіне жол ашты. Қытай мен Қазақстан іргелес, жатқан көрші ел болғандықтан да, өзара жиі қарым-қатынастардың натижесінде Абай өлеңдері ақынның көзі тірісінде-ақ ауыздан-ауызға беріліп, және қолжазба күйінде де Қытай қазағына кеңінен таралған болатын.

Докторант Өміржан Сейсенқұлұлы өзінің диссертациялық жұмысында осы Абай мұрасының қытай қазақтарына жетуінің рухани-танымдық сипатын жүйелі түрде қарастыру арқылы ҚХР-дағы Абай мұрасының зерттелуі және

қытайдағы Абайтану тарихының күрделі кезеңдік мәселелерін жүйелі түрде сараптап, түйіткілді тұстарды теориялық тұрғыдан тиянақтап, зерттеудің бағдар-бағытын нақты тұжырымдауға ұмтылған. Осы мақсатта Абай мұрасының ҚХР қазақтарына жету жолдары және ҚХР-дағы Абай мұрасының зерттелуі мен насихатталуы, ҚХР-дағы қазақ әдебиетіне Абай мұрасының ықпалын қарастырған зерттеу еңбектер басшылыққа алынған..

Диссертация кіріспеден, төрт тараудан, сегіз тараушадан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Ізденуші әр тарау бойынша өзіндік ой қорытып, өз тұжырымдарын ұсына білген. Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері бірін-бірі толықтырып, әр тарауда ізденіске арқау болар мәселелер бірінен-бірі туындап жатады.

Бірінші тарау, «Абай мұрасының қытай қазақтарына жету жолдары» деп аталып, «Абай мұрасының ауызша, жазбаша таралуы» және «Абай шығармаларының баспасөз беттерінде жарық көруі» сынды екі тараушаға бөлініп зерттелген.

Екінші тарау «ҚХР-дағы қазақ әдебиеті мен Абай мұрасының аударылуы» деп аталған. Бұл тарау «Абай шығармаларының аударылуы» және «ҚХР-дағы қазақ әдебиетінің аударылуы және насихатталу жағдайы» деген екі тараушаға бөлінген. Мұнда жалпы қазақ әдебиетінің Қытай халық республикасы (жаңа Қытай) құрылған кезеңнен бастап аударылуы, «Реформа жасап, есікті ашық ұстаудан» кейінгі тұста қазақ әдебиетінің Қытай тіліне аударылуы және Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ әдебиетінің Қытай тіліне аударылуы сынды кезеңдерге бөлініп зерттелсе, Абай мұрасының аударылуы тараушасында Абайды жаңа Қытайда ең алғаш аударып, нәсихаттаушылардың алғашқысы – Қабай және «Абайды» аударған Әкбәр Мажитұлы т.б. аудармашылардың Абайды аударған еңбектеріне сараптама жасалынды.

Үшінші тарау «Абай мұрасының зерттелуі» деп аталады. Бұл тарау «Абай шығармалары жайлы ҚХР-дағы ғылми зерттеулер», «Абай шығармаларының салыстырмалы зерттелуі» тақырыптарына бөлініп зерттелген. Төртінші тарау «Абай және ҚХР-дағы қазақ әдебиеті» деп аталып, «Абай шығармашылығының ҚХР-дағы қазақ әдебиетінің дамуындағы орны» және «Абай мұрасы екі ел руханияттың байласының алтын көпірі». Яғни, мұнда абай шығармасы жайлы қытайдағы қытай тілді жазушы ғалымдардың, түрлі ғылыми зерттеу еңбектеріне шолулар жасалып, олардың Абай шығармашылығы жайлы ой пікірлері сарапталады. Абай шығармашылығы қытайдағы әйгілі жазушы Лушұн мен Абайдың әдеби шығармашылықтың көшбасшылары ретіндегі орны салғастырыла зерттеледі. Лушұн мен Абай шығармаларындағы сабақтас сарындар сарапталып, қос шығармашы тұлғаның өз заманындағы жаңа әдебиет бастаушылары ретіндегі өнегелік өрнектері анықталады. Сонымен қатар Қорқыттың нақыл сөздері мен Абай қара сөздері салыстырыла зерттеліп, өзара ұқсастықтарының сыр-сипаттары айқындалады. Және Абайдан үлгі алып, дәстүрін жалғастырған ҚХР-дағы Көдек Маралбайұлы, Әсет Найманбайұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Асқар Татанайұлы, Омарғазы Айтанұлы, Мағаз Разданұлы, Құрманалы Оспанұлы, Боздақ

Дүрбенбетұлы сынды ақын-жазушылардың шығармашылығындағы Абай өнери мектебінің орны анықталды.

Докторант Өміржан Сейсенқұлұлы зерттеу жұмыстың негізгі мазмұны бойынша отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 10 ғылыми мақала жарияланды. Олардың ішінде 6 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген журналдарда жарияланды. Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануы жеткілікті.

Осы айтылған пікірлерді ескере отырып, диссертация авторы Сейсенқұлұлы Өміржан «8D02307 – Қазақ филологиясы» блім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Отандық кеңесші,
филол.ғ.д., докторы, профессор Әбдиманұлы Ө.

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«16» 08 2023 ж./г.